

Мұқтажды азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 114 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 29 наурызда № 9-14-145 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 қазандағы № 578 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2011.10.10 № 578 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабына, "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына сәйкес, "Қостанай ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" Қостанай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 385 шешімі негізінде (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде 9-14-141 нөмірімен тіркелген), "Жергілікті екілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті бюджеттен мынадай әлеуметтік төлемдер түрлері белгіленсін:

1) тұрмыстық қажеттеріне ай сайынғы әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне төрт есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға екі жарым есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде;

2) біржолғы көмек:

он есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде жұқпалы туберкулез ауруымен ауыратын, мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шыққандарға қосымша тамаққа;

он бес есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде аз қамтамасыз етілген отбасылардың қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге. Қайтыс

болған күні жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті органда ата-анасының біреуі немесе заңды өкілі жұмыссыз ретінде ресми тіркелген болса, әлеуметтік көмек өтініш берушіге тағайындалады және төленеді;

жиырма есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге. Қайтыс болған сәтінде жұмыспен қамту мәселесі бойынша Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелген болса қайтыс болғанының отбасы мүшелеріне, немесе қайтыс болған жұмыссыздың жерлеуін іске асырган тұлғаға әлеуметтік көмек тағайындалады және төленеді;

Жеңіс қуніне: Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне екі есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде; Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға бір есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде;

нақты келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ жетпіс есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде, өрттен немесе су басқаннан зардап шеккен әлеуметтік көмекке мұқтажды, әлеуметтік қорғалатын халықтың саласына жататын отбасыларына (азаматтарға). Төтенше жағдайларды енгізу үшін, негіз болып келетін мән-жайлардың нәтижесінде зардап шеккендерден басқа;

жан басына шаққандағы орташа табысы ең тәменгі күнкөріс деңгейінен тәмен азаматтарға (отбасыларға), он бес есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде;

3) мемлекеттік оқу гранттарының иелері және (немесе) білім ұйымдарындағы оқуының төлеміне бағытталған мемлекеттік бюджеттен өзге де төлемдер алушылар болып табылатын тұлғалардан басқа, техникалық және кәсіптік білім, ортадан кейінгі білім, жоғары білім алуымен байланысты шығындарды өтеу үшін , ең тәменгі күнкөріс деңгейінен тәмен табыстары бар, отбасылар жастарына әлеуметтік көмек оқу жыл ішінде екі тен үлестермен аударылатын, жылдық оқуының құны мөлшерінде көрсетіледі.

2 . Анықталсын :

1) әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы уәкілетті орган шешімі он қүн ішінде, мұқтажды адамдарға әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі аудандық комиссияның ұсыныстарын есепке ала отырып, қабылданады ;

2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға ай сайынғы әлеуметтік көмек өтініш берілген айынан бастап тағайындалады және өтініш берушінің қайтыс болуына немесе оның аудан аумағының шегінен кетуіне байланысты тоқтатылады.

3. Әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту негізі осы қаулының 1-

тармағына сәйкес, әлеуметтік көмек алушының көмек көрсетілетін азаматтар санатына сәйкес келмейтіндігі болып табылады.

4. Әлеуметтік көмек төлемі екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тұрларіне тиісті Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бар ұйымдар арқылы, әлеуметтік көмек алушының ағымды шотына немесе кәртішке базадағы ағымды шотына ақшалай қаражат аудару жолымен, шешім қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде қолма-қолсыз нысанда жүзеге асырылады.

5. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша өткізілсін. Төлем әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылданған сәтінен бастап бір ай ішінде өткізілсін.

6. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі анықталсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан Қостанай ауданы әкімінің орынбасары С. Кульбековке жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қостанай ауданының әкімі

A. Ахметжанов

Әкімдіктің

2011 жылғы

28

ақпандасы

№ 114 қаулысына қосымша

Әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Әлеуметтік көмек тағайындау үшін жалпы құжаттар: әлеуметтік көмекке өтініш беруші тұлғаның өтініші; өтініш беруші тұлғаны растайтын құжаттың көшірмесі; тұратын орнын растайтын құжат; салық төлеушінің куәлік көшірмесі; әлеуметтік жеке кодының көшірмесі; шот нөмірі көрсетілген, алушының банк шотын растайтын, құжат көшірмесі. Кәмелетке толмаған баланың заңды өкілі болып табылатын өтініш берушінің, аталған мәртебесі бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі.
2. Әлеуметтік көмектің жекеленген тұрларін тағайындау үшін қосымша мыйнадай құжаттар ұсынылады:
 - 1) тұрмыстық қажеттеріне ай сайнғы әлеуметтік көмек: Ұлы Отан

соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне; Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға;

әлеуметтік көмек алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) жүқпалы туберкулез ауруымен ауыратын, мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шыққандарға қосымша тамаққа біржолғы әлеуметтік көмек:

баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі (кәмелетке толмаған балалар үшін);

аурудың емделуде екендігін растайтын тиісті медициналық мекемеден анықтама;

3) аз қамтамасыз етілген отбасылардың қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларын жерлеуге біржолғы әлеуметтік көмек:

қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе қайтыс болғаны туралы анықтама;

баланың туу туралы актілік жазбадан үзінді;

отбасының табысы туралы мәліметті растайтын құжат:

қайтыс болғанды жұмыссыз ретінде тіркеу туралы жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органнан анықтама;

4) қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге біржолғы әлеуметтік көмек:

қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе қайтыс болғаны туралы анықтама;

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органнан қайтыс болғанның жұмыссыз ретінде тіркелгендігі туралы анықтама; егер жерлеу қайтыс болғанның отбасы мүшелерімен жүзеге асырылмаса, онда өтініш беруші жерлеуді жүзеге асыргандығы туралы ритуалдық қызметтен құжаттың көшірмесін ұсынады;

5) Женіс күніне біржолғы әлеуметтік көмек: Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына, Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға:

әлеуметтік көмек алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

6) ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасыларынан шыққан жастарға, техникалық және кәсіптік білім, ортадан кейінгі білім, жоғары білім алуға байланысты шығындарын өтеу үшін әлеуметтік көмек:

отбасының табысы туралы мәліметті растайтын құжат;

тиісті оқу орнымен берілген, оқу жылындағы оқу төлемінің мөлшерін және оқу орынның растайтын құжат;

оқу төлемін растайтын құжат, төлем жасалғаннан кейін ұсынылады.

7) өрттен немесе су басқаннан зардал шеккен, әлеуметтік көмекке мұқтажды, әлеуметтік қорғалатын халықтың саласына жататын отбасыларына (азаматтарға) нақты зардал мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек:

қарастырылған төлемге ықпал еткен жағдайды растайтын, тиісті органнан
К ұ ж а т ;

келтірілген зиян сомасын растайтын құжаттар;

8) жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен
төмен азаматтарға (отбасыларына) біржолғы әлеуметтік көмек:

өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстары туралы
м ә л і м е т т е р .

3. Салыстыру үшін, құжаттар көшірмелерде және түпнұсқаларда ұсынылады,
содан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушінің өтініш берген қүні өзіне
қайтарылады.